

2001 жылғы 28 қыркүйектегі Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 870 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 18 қазанда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған 2001 жылғы 28 қыркүйектегі Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

№

8 7 0

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

2 8

м а у с ы м д а ғ ы

қ а у л ы с ы м е н

2001 жылғы 28 қыркүйектегі Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2001 жылғы 28 қыркүйектегі Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

Өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекетаралық кеңестің қызметін жетілдіруге және оның өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты үйлестірудегі рөлін арттыруға ұмтыла отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастық органдары туралы жалпы ереже туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекет басшылары кеңесінің 2009 жылғы 9 қазандағы шешімін орындау үшін,

төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ережеде:

а) I бөлімнің 1-тармағы «(бұдан әрі – Келісім)» деген сөзден кейін «және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастық органы болып табылады» деген сөздермен толықтырылсын;

б) I бөлімнің 2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «Кеңес өз құзыреті шеңберінде ТМД-ның Мемлекет басшыларының кеңесі, Үкімет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі және Экономикалық кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастыруға және үйлестіруге арналған»;

в) I бөлімнің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Кеңес өз қызметінде жалпыға ортақ халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, ТМД шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды, ТМД-ның Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Сыртқы істер министрлері кеңесінің және Экономикалық кеңесінің шешімдерін, Келісімді және осы Ережені басшылыққа алады.

Кеңес өз қызметінде ТМД үкімет басшыларының кеңесіне есеп береді. Кеңес жыл сайын ТМД-ның Атқарушы комитетіне өзінің қызметі туралы ақпарат ұсынады»;

г) I бөлімнің 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Кеңес ТМД-ның Атқарушы комитетімен, Достастықтың өзге де органдарымен, қажет болғанда – басқа да халықаралық ұйымдардың хатшылықтарымен, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасайды»;

д) I бөлімнің 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Мемлекеттік қадағалау органдарының басшылары немесе Келісімге қатысушы мемлекеттердің өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың басшылары Кеңестің мүшелері болып табылады.

Кеңестің мәжілісіне Кеңестің мүшелерін ауыстыратын адамдарды жіберген кезде олардың өкілеттіктері расталуы тиіс.

Келісімге қатысушы әрбір мемлекет Кеңесте бір дауысқа ие болады. Кеңестің құрамына кеңесші дауыс құқығымен Кеңестің хатшысы және ТМД-ның Атқарушы комитетінің өкілі кіреді»;

е) «Кеңес жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі» деген IV бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кеңестің жұмысы, әдетте, Келісімге қатысушы мемлекеттерде кезектесіп Кеңестің мәжілістерін өткізу арқылы жүзеге асырылады.

9. Кеңестің мәжілісі қажетіне қарай, жылына кемінде бір рет өткізіледі. Кезекті мәжілісті өткізу орны Кеңестің алдыңғы мәжілісінде белгіленеді. Кеңестің кезектен тыс мәжілісі Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің бастамасы бойынша және Кеңес мүшелері көпшілігінің келісімімен шақырылуы мүмкін. Кеңестің кезектен тыс мәжілісіне бастамашылық еткен Келісімге қатысушы мемлекет оны өткізуді

ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Егер Кеңес мәжілісінде оның мүшелерінің немесе оларға уәкілетті адамдардың жартысынан астамы қатысса, ол заңды болады.

10. Егер Кеңес өзгеше белгілемесе, Кеңесте төрағалықты әрбір мемлекет кезектесіп оның төрағасы – Кеңес мүшесі атынан Келісімге қатысушы мемлекеттердің атауларының орыс әліпбиі тәртібімен орнын алмастыру қағидаты негізінде бір жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

Кеңестің алдыңғы және кейінгі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады.

11. Кеңестің төрағасы:

Кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

Кеңестің мәжілісін өткізеді;

белгіленген тәртіппен ТМД органдарында Кеңестің атынан өкілдік етеді;

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдар арасында өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

Кеңестің қызметін қамтамасыз етумен байланысты өзге де іс-қимылдарды жүзеге асырады.

12. Кеңес мүшесінің жұмыс топтарының қызметі, қабылдаған шешімдер туралы қажетті ақпарат алуға, сондай-ақ Кеңес құзыреті шегінде кез келген мәселелерді талқылауға енгізуге құқығы бар.

13. Кеңестің мәжілісіне:

кеңесші дауыс құқығымен – Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өкілдері;

байқаушылар ретінде – Келісімге қатысушы мемлекеттердің қоғамдық ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ Келісімге қатысушы болып табылмайтын басқа мемлекеттердің өкілдері, Кеңестің мәжілісінде оның мүшелерінің келісімімен қатысатын мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатыса алады.

14. Кеңестің әрбір келесі мәжілісінің күні мен алдын ала күн тәртібі оның кезекті мәжілісінде анықталады.

Келісімге қатысушы мемлекеттердің өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі органдары мен өзге де мемлекеттік органдары Кеңестің мәжілісінде қарау үшін ұсыныстар дайындайды.

Ұсыныстар құжаттардың немесе олардың тұжырымдамаларының алдын ала жобалары түрінде енгізіледі.

Мәселені күн тәртібіне енгізу туралы түпкілікті шешімді Кеңес қабылдайды.

15. Рәсімдік мәселелер бойынша шешімдерден басқа Кеңестің шешімдері ымырамен қабылданады. Рәсімдік мәселелер бойынша Кеңестің шешімдері Кеңес мүшелерінің көпшілігі арқылы қабылданады»;

ж) Ереже «Кеңестің Хатшылығы» деген мынадай мазмұндағы V бөліммен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«16. Кеңес қызметін ұйымдастыру-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді оның Хатшылығы жүзеге асырады.

Кеңес Хатшылығының функциялары ТМД Атқарушы комитетінің құрылымдық бөлімшесімен бірге Кеңестің төрағасы басшысы болып табылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі органның аппаратына жүктеледі.

Кеңестің Хатшылығы мынадай функцияларды орындайды: қабылдаушы тараппен бірлесіп, Кеңестің мәжілістерін өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

Кеңес мүшелерінің қызметін ұйымдастырушылық, құжаттамалық және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде Кеңес мәжілістерінің күн тәртібінің жобаларын қалыптастыру және оларға жұмыс материалдарын дайындау;

Кеңестің мәжілістеріне құжаттардың жобаларын дайындау және оларды келісу; келіп түскен материалдарды қорыту және оларды Кеңестің мүшелеріне таратуды ұйымдастыру;

Кеңестің мүшелерімен оның қызмет мәселелері бойынша хат алмасуды қамтамасыз ету;

Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалу дәрежесін көрсететін мәліметтерді қорыту;

Кеңесті ТМД-ның басқа органдарының және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

17. Кеңестің хатшысын Кеңестің төрағасы тағайындайды және басшысы Кеңесте төрағалық ететін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау органының өкілі болып табылады. Хатшының орынбасары ТМД Атқарушы комитетінің өкілі болып табылады.

18. Кеңестің Хатшылығы туралы ережені Кеңес бекітеді.

19. Кеңес қабылдаған құжаттарды есепке алу мен сақтауды ТМД Атқарушы комитеті жүзеге асырады»;

з) Ереже мынадай мазмұндағы «Қаржыландыру» деген VI бөліммен толықтырылсын:

«20. Кеңестің мәжілісін өткізуді қаржыландыруға байланысты шығыстар Келісімге қатысушы мемлекетті қабылдаушы тиісті мемлекеттік билік органының есебінен жүзеге асырылады.

21. Кеңес мүшелері мен сарапшылардың мәжілістерге қатысуына байланысты шығыстарды оларды жіберген мемлекеттік билік органы және ұйымдар өздері көтереді»

2. Осы Хаттама депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны алған

күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2011 жылғы 18 қазанда Санкт-Петербург қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Әзірбайжан Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Армения Республикасының</i>	<i>Тәжікстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Түркіменстан</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Өзбекстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Украина</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Молдова</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	